РЕШЕНИЕ
ИМЕНЕМ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

2024 жылғы 12 қыркүйек №7119-24-00-2/11415 іс Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы Т.Шамшильдин оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде келесі талап бойынша азаматтық істі қарады

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы ішкі істер Министрлігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Алатау" республикалық мемлекеттік кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
"Несібе 2030" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2. айыппұлды өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:
Сот АПК-нің 223-226 басшылыққа ала отырып

ШЕШТІ:

Қазақстан Республикасы ішкі істер Министрлігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Алатау" республикалық мемлекеттік кәсіпорның "Несібе 2030" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және айыппұлды өніру туралы талап арызы – қанағаттандырылсын.

"Несібе 2030" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

"Несібе 2030" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен Қазақстан Республикасы ішкі істер Министрлігінің шаруашылық жүргізу құқығындағы "Алатау" республикалық мемлекеттік кәсіпорның пайдасына 42 723 (қырық екі мың жеті жүз жиырма үш) теңге мөлшерінде айыппұл сомасы және 1282 (бір мың екі жүз сексен екі) теңге мемлекеттік бажды төлеу шығыны өндірілсін.

"Несібе 2030" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет кірісіне 1846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге мемлекеттік баж сомасы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде тараптар шағым жасалуы немесе апелляциялық тәртібімен прокурор наразылық білдіруі мүмкін.

Судья Т. Шамшильдин

Көшірмесі дұрыс

Судья Т. Шамшильдин

Анықтама: Шешім заңды күшіне 21 қазан 2024 жылы енді

Судья Т. Шамшильдин

Сот өндірісі
«ТӨРЕЛІК» ЖҮЙЕСІ
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»
Судопроизводство

Құжатқа қол қойылған: Шамшильдин Т., 12.09.2024

7119-24-3-1/10705